

**«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде  
«Ғаламшарды бірге сақтаймыз» республикалық интернет-байқауын  
қашықтықтан өткізу ережесі**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде «**Ғаламшарды бірге сақтаймыз**» республикалық интернет-байқауын (бұдан әрі – Байқау) қашықтықтан өткізу ережесі оның мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: өскелең ұрпақтың назарын экологиялық мәселелердің өзекті сұрақтарына аудару, саналы іс-әрекетті насихаттау және балалар мен жастарда табиғатты тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

Қазақстанның экологиялық міндеттерін шешуде жас ұрпақтың зияткерлік әлеуетін ашу;

экологиялық маңызы бар мәселелерді шешуге бағытталған ұтымды бастамалар мен жобаларды анықтау;

қоршаған ортаны қорғау идеяларын насихаттау, өскелең ұрпаққа адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

## **2. Байқауды өткізу мерзімі мен тәртібі**

5. Байқау жұмыстары **2018 жылғы 5 сәуір – 14 мамыр** аралығында [nt\\_ekotur@mail.ru](mailto:nt_ekotur@mail.ru) электронды поштасына қабылданады.

**2018 жылғы 14 мамырдан кейін** түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломы, қатысушылардың сертификаттары **2018 жылғы 22 мамырда** [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында орналастырылады.

6. Ұйымдастырушының байқауды өткізу мерзімін ұзартуға құқығы бар. Ұйымдастырушының шешімі бойынша байқауды өткізу мерзімін ұзарту және байқау қорытындысын орналастыру мерзімінің өзгеруі туралы ақпаратты міндетті түрде әлеуетті қатысушыларға мына сілтемеде хабардар етеді: [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) → Республикалық шаралар → «Ғаламшарды бірге сақтаймыз» байқауы → әрі қарай.

7. Байқауға келіп түскен жұмыстар қайтарылмайды. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

8. Байқауға қатысу үшін **1500 (бір мың бес жүз)** теңге төлемақы төленеді. Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі.

ҚР БҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент-19).

БИН 990140004733

ИИК KZ918560000005068448

БИК KСJBKZKX

Кбе 16.

Төлемақы мақсатының коды: 859.

АО «Банк Центр Кредит», Астана қаласы.

Төлемақының мақсаты: «**Ғаламшарды бірге сақтаймыз**» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші резидент-19) аты-жөні, тегі міндетті түрде көрсетілуі қажет.

9. Байқауға қатысу үшін **nt\_ekotur@mail.ru** электронды поштасына міндетті түрде келесі құжаттарды жіберу қажет:

- 1) 1-қосымшаға сәйкес өтінім;
- 2) сканерден өткізілген төлем туралы құжат (түбіртек немесе төлем тапсырмасы);
- 3) электронды түрде байқау жұмысы.

### 3. Байқау талаптары

10. Байқауға жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары келесі жас санаттары бойынша қатыса алады:

7-10 жастағы кіші жас санаты;

11-14 жастағы орта жас санаты;

15-17 жастағы жоғарғы жас санаты.

11. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі.

**«Қоршаған әлем» номинациясы** – фотобайқауға өндірістік және энергетикалық қызметтің табиғатқа және адам өміріне жағымсыз әсерін тигізетін немесе маңызды экологиялық мәселелерді шешуге итермелейтін фотосуреттер қабылданады.

Отанымыздың әдемі табиғаты, еліміздің бай флорасы мен фаунасының тіршілігі бейнеленген пейзаж, табиғат көріністері, экологиялық мәселелерді шешу сұрақтарымен айналысатын немесе табиғатқа қарым-қатынасты өзгертуге араласып жүрген адамдардың фотопортреттері қабылданады.

**«Гүлденген менің өлкем» номинациясы** - аталған тақырып бойынша суреттер қабылданады. Суреттер кез келген материалда (ватман, картон, кенеп және т.б.) және түрлі сурет салу техникаларында (майлы бояулар, акварель, гуашь, қарындаш, түрлі-түсті қарындаш және т.б.) болуы тиіс.

**«Хэнд-мэйд – өз қолыңмен жасалған ғажайыптар» номинациясы.** Байқауға қатысу үшін қатысушы табиғат тақырыбына сәйкес келетін, кез келген техникада және материалдан жасалған өз жұмысын жібереді.

**«Тамаша табиғат әлемі» номинациясы** – табиғи және көгалдандырылған аумақтарда (саябақтар, алаңдар, бақтар, тұрғын үй аулаларында және т.б.) кең таралған бұзушылықтарды жоюға бағытталған ерекше және позитивті формада жасалынған жұмыстар қабылданады.

12. Байқауға ұсынылатын жұмыстың орындалу барысындағы әр кезең – басталуы, орындалуы, аяқталған кезі суретке (6 дана) түсіріліп, JPEG форматында электронды түрде жіберіледі. Әрбір фотосуреттің мөлшері 5 Мб-тан аспауы қажет. Фотобайқауға ұсынылатын фотосурет туралы ақпарат, суретте көрсетілген нысанның сипаттамасы болуы қажет.

Фотосуреттер өңделген болса, өңдеулер сурет мазмұнын бұрмаламауы қажет. Сапасы нашар, жеткіліксіз дәрежедегі фотосуреттер байқауға қабылданбайды және қарастырылмайды.

13. Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:  
байқаудың тақырыбына және номинациясына сәйкестігі;  
жұмыстың сапасы және орындалу шеберлігі;  
ойдың түпнұсқалығы;  
жұмыстың көркемдік деңгейі; шығармашылық деңгейдің автордың жас ерекшелігіне сәйкестігі;  
тақырыптың шығармашылық ойы және толық ашылуы.

14. Байқауда бір қатысушы бір немесе бірнеше номинацияға қатыса алады. Әр номинацияға әр қатысушыдан бір ғана жұмыс қабылданады. Әр номинация бойынша әр жеке жұмыс үшін төлемақы қабылданады.

15. Байқау жұмысының титул парағында көрсетіледі:

облыс, аудан (қала), ауыл;  
білім беру ұйымының аталуы;  
байқау, номинация, жұмыс тақырыбы;  
автордың аты-жөні;  
қатысушының жасы;  
e-mail, байланыс мәліметтері;  
жетекшінің аты-жөні, тегі;  
жетекшінің лауазымы және жұмыс орны.

16. Интернет желісінен алынған және өзге авторлардың материалдарын қолдануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын ешқандай интернет желісінде жарияланбаған болуы тиіс.

#### **4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау**

17. Әділқазы мүшелері номинациялар бойынша байқаудың жеңімпаздарын анықтайды.

18. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі дипломдармен, байқау

жеңімпаздарының жетекшілері алғыс хатпен марапатталады, орынға ілікпеген қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, олардың жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында мына сілтеме <http://www.rumsdokz.org/25> бойынша автоматты түрде жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады.

Анықтама телефондары: **8(7172)64-27-24** («Ғаламшарды бірге сақтаймыз» байқауы).

Диплом, сертификаттардың онлайн нұсқалары келесі сілтемеде жүктеледі: [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) → Республикалық шаралар → «Ғаламшарды бірге сақтаймыз» байқауы → жалғасы.

Қатысушы балаларға арналған ғылыми-танымдық [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында, «Жас саяхатшы» қауымдастығына («В контакте» әлеуметтік желісі арқылы) мына сілтеме <https://vk.com/puteshestvennikkz> бойынша тіркелуі тиіс.

1-қосымша

### Байқауға қатысушының өтінімі

Қатысушының Т.А:Ә.	Жасы	Облысы, ауданы, елді-мекені, білім беру ұйымының аталуы, сыныбы, курсы	Байқаудың аталуы, номинациясы, тақырыбы	Байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл. поштасы)	Жетекшісінің толық аты-жөні, жұмыс орны, лауазымы	Жетекшісінің байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл. поштасы)
1	2	3	4	5	6	7
Мүслімова Жадыра Өмірзаққызы	10	Павлодар облысы, Шарбақты ауданы, Шарбақты ауылы, № 1 мектеп, 9-сынып	«Ғаламшарды бірге сақтаймыз» байқауы, номинациясы	Ата-аналардың байланыс нөмірлері	Асанова Сәуле Кәрімқызы, № 1 мектептің бастауыш сынып мұғалімі	Тел: Эл. Почта:

2-қосымша

### Титул парағын толтыру үлгісі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК «Менің ғаламшарым» республикалық интернет-байқауының «» номинациясы Тақырыбы: Жұмыстың авторы: Мүслімова Жадыра Өмірзаққызы Білім беру ұйымының мекенжайы: Павлодар облысы, Шарбақты ауданы, Шарбақты ауылы № 1 мектеп, 9-сынып оқушысы Жетекшісі: Асанова Сәуле Кәрімқызы 2018 жыл
---